

Ембі ТЫНЫСЫ

№ 9 (25),
мамыр
2019 жыл

“Ембімұнайгаз” АҚ-ның корпоративті газеті



Ерлік ешқашан ұмытылмайды

Жеңіс күні қарсаңында Ембі мұнайшылары атаулы мерекеге орай бірқатар шаралар ұйымдастырды. Ұлы Жеңістің 74 жылдығына арналған шаралар «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері өз ардагерлерінің денсаулықтарын сақтауға бағытталған акциядан бастады. **Жалғасы 4-бетте**

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның «Сауықтыруға 10 қадам» бастамасы

(Жалғасы. Басы өткен сандарда).

БДДСҰ мәліметтері бойынша, жеткіліксіз дене белсенділігі әлемдегі өмір қаупі факторларының арасында төртінші орын алуда. Жыл сайын жеткіліксіз дене белсенділігінен шамамен 3,2 миллион адам мерт болады.

Жүйелі физикалық белсенділік табысты кәсіптік қызметтің және әл-ауқатты өмірдің бірден бір шарты болып табылады.

Жүйелі физикалық белсенділік жүрек ауруы, қант диабеті, семіздік, жоғары артериялық қысым, инсульт және депрессия даму қаупін азайту жайында сендіретін ғылыми дәлелдемелер баршылық. Дене белсенділігі психикалық саулыққа үлкен әсер етеді. Жүйелі дене жаттығулары көңіл-күйдің, ұйқының,

ойлаудың және мәлімет қабылдаудың жақсаруына көмектеседі.

Жеткіліксіз дене белсенділігі шамамен келесі сырқаттардың негізгі себепшісі болып табылады: тоқ ішек пен сүт безі қатерлі ісік жағдайларының 21-25%, диабетпен сырқаттану жағдайларының 27%, және жүректің ишемиялық ауруымен сырқаттану жағдайларының 30%.

Жұмыскерлермен дене белсенділігін жоғарлату сау жұмыс ортасын түзіп, еңбек өнімділігін арттыруы, абсентеизмді азайтуы мүмкін.

Зерттеулердің көрсетуінше, физикалық белсенді жұмыскерлер өздерінің белсенсіз әріптестеріне қарағанда, сирек жұмыстан қалады, және де аптасына шамамен 75 минут энергиялық физикалық белсенділік қабылдайтын жұмыскерлер

жылына орташа 4,1 жұмыс күніне аз қалдырады. Анығы – бұл дене белсенділігінің артуы, және де осылай денсаулық жағдайын жақсарту аса маңызды қаржылық үнемдеулерге алып келеді.

Дене белсенділігінің әрқилы түрлерінің қарқындылығы адамдар арасында өзгеріп тұрады. Дене белсенділігі жүрек және тыныс алу жүйесіне пайда келтіру үшін, әрбір жаттығу аз дегенде 10 минут созылуы қажет.

Ең жақсы нәтижелерге жету үшін, 18 бен 65 жас аралығындағы сау адамдар аптасына аз дегенде 150 минутқа созылған бірқалыпты қарқынды физикалық белсенділікті қажет етеді, немесе әр апта сайын 75 минутқа созылатын жоғары қарқынды дене белсенділікті қажет етеді. **Е**

(Жалғасы келесі сандарда)



ҚАДАМ

Дене белсенділігі

«Самұрық-Қазына» АҚ инвесторлармен бірқатар келісімге қол қойды

«Бір белбеу - бір жол» атты халықаралық ынтымақтастық форумы аясында «Самұрық-Қазына» АҚ Бейжің қаласында жекешелендіру мәселелері және Қордың инвестициялық мүмкіндіктері жайлы дөңгелек үстел өткізді. Іс-шара қытайлық іскерлік қауымдастығының қызығушылығын тудырды.

Шараға Қазақстанның ұлттық және жекеменшік компанияларының топ-менеджерлері, Қытай бизнесінің өкілдері, Қытайдағы ірі мемлекеттік корпорациялардың басшылары қатысты.

Дөңгелек үстелдің салтанатты ашылуында сөз алған Қордың Басқарма төрағасы Ахметжан Есімов халықаралық компанияларды өзара тиімді ынтымақтастықты жандандыруға шақырды.

«Қордың жаңа даму стратегиясы аясында біз Қазақстандағы жобаларға белсенді түрде инвестиция құямыз. Қор портфельін әртараптандыру мақсатында «Самұрық-Қазына» өзге тәуелсіз қорлармен және инвесторлар консорциумымен стратегиялық серіктестікке кіру мүмкіндігін қарастырып жатыр. Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы ара-қатынасының барлық салаларында көршілік татулық орнаған. Екі мемле-

кет басшысының стратегиялық көзқарастарына сүйене отырып біз екіжақты қарым-қатынасты дамытып келеміз», - деді Ахметжан Есімов.

Іс-шара барысында Қор мен оның компаниялары қытайлық серіктестерімен бірқатар келісімдерге қол қойды. Атап айтқанда, «Самұрық-Қазына» АҚ мен Қытайдың Еуразиялық Экономикалық ынтымақтастық Қоры арасында инвестициялар саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Келісім жобаларға инвестиция құю мүмкіндігін бірлесіп қарастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның «Eurasian Nurdy Investment Fund» қорына потенциалды инвестор ретінде қатысу ниетіне байланысты меморандумға қол қойды. Жаңа қордың серіктестері - «CITIC Group», Baiterek Holding, Asian Investment Finance Group және «Самұрық-Қазына» АҚ. «Eurasian Nurdy Investment Fund» 500 млн. АҚШ долларын тартуды жоспарлап отыр. Шетелдік инвестициялардың пропорциясы 1:8-ді құрайды, яғни Қазақстан Республикасы құйған 1 долларға 8 доллардан астам шетелдік инвестиция тартылады.



Бұдан басқа, «Біріккен химиялық компания» ЖШС және «Huajin Group» арасында минералды тыңайтқыштарды өндіру жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін бірлесіп әзірлеу туралы келісімге қол қойылды. Жобада Қытайдың стратегиялық қытайлық инвесторы Huajin Group (NORINCO) қатысуымен Қазақстанда қуаты 800 мың тонна болатын зауыттың құрылысы қарастырылған. Алдын-ала есеп бойынша жобаның құны 600 млн. АҚШ долларын құрайды. Бұл

жоба Қытайдың және Еуропалық Одақтың нарықтарындағы Қазақстанның экспорттық әлеуетін кеңейтеді. Жобаны іске асыру 2020 жылдан 2023 жылға дейін жоспарланып отыр.

Кездесу соңында Ахметжан Есімов дөңгелек үстел қатысушыларына жекешелендіру бағдарламасы бойынша Қордың бастамаларын ұсынды, портфельді әртараптандыру және елге инвестиция құю үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында елдегі белсенді инвестициялық әрекеттер жоспарын жариялады. **Е**

Жастар жылы

Жас мамандар – лагерьде

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» (бұдан әрі – Қор) АҚ жастарды дамытуға, потенциалын арттыруға арналған тағы бір игі жобаны іске қосты. Қорға қарасты еншілес компанияларда өндірістік бағытта қызмет ететін ең белсенді, таланатты жастардың басын Алматыға жақын жерде, аспанмен таласқан таудың етегінде орналасқан «Арман-дала» демалыс лагерінде қосып, бір апта бойы арнайы әдіспен (12 сағат) ағылшын тілін үйренуге мүмкіндік туғызды. Сондай-ақ, жастар арнайы медициналық тексерістен өтіп, массаж, физеомердер алып, түрлі тимбилдингтерге қатысты.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, жастарды оқыту мен оларға демалыс ұйымдастыру жобасы жыл бойына жалғасып, 600-ден астам жас маманды қамтитын болады. Мұнда, әсіресе, өндірістік жұмысшы жастар – энерге-

тиктер, теміржолшылар, мұнайшылар және де ауыр салада еселі еңбектерімен ел экономикасын арттыруға аянбай еңбек етіп жүрген қызметкерлер жіберіледі. Жалпы, «Ембімұнайгаз» АҚ бойынша 6 жас маман аталған бағдарламаға қатыспақ.

- Біз еліміздің әр түкпірінен жиналып, сан түрлі мамандық өкілі болсақ та, мақсатымыз – ортақ екенін түсіндік. Ол – елімізді дамыту, көркейтуге өз үлесімізді қосу. Сондықтан, жастармен тез тіл табысып, достар таба білдік. Жоба бағдарламасы да қатысушылардың уақытын тиімді ұйымдастыру үшін жан-жақты жоспарланған. Күніміз таңертең физикалық жаттығудан басталса, таңғы ас, ағылшын тілі курсы, түскі ас, медициналық уақыт, тынығу уақыты, кешкі асқа дейін уақыттың қалай зымырап кеткені байқалмайды. Табиғаттың әдемілігіне де көз тоймайды.

Ал, кешкі уақытта кино карау, караоке немесе би кештері ұйымдастырылды. Бір сөзбен айтқанда, бізге бір-бірімізді танып, жақын араласуға, түрлі қырымызды ашуға кең жол ашылды. Ең ерекше әсер еткен – авиашоу, - дейді «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нің инженер-технологы Мәди БЕК.

- Жастар жылы» аясында қолға алынған жобаның біз сияқты жас мамандарға берері мол деп санаймын. Соның ішінде, ағылшын тілі курстары еркін форматта өтті. Негізінен, күнделікті өмірге қажетті тақырыптар қозғалды – танысу, шетелге шыққанда кедендік тексерістен өту, уақытты, көшені сұрау, кафелерде тапсырыс беру және тағы басқаларды үйрендік, - деп «Қайнармұнайгаз» МГӨБ өндірістік-техникалық бөлімінің инженері Ілияс ҚАРЖАУОВ оқу-демалыс апталығынан алған әсерімен бөлісті.

Ағылшын тілі курсы апталығы аяқталған соң әрбір қатысушыға сертификаттар берілді. Айта кетейік, аталған бағдарламаны «Самұрық-Қазына» корпоративті университеті жүргізеді. **Е**



Ембіде жаңа өндірістік нысан іске қосылды



«Ембімұнайгаз» АҚ-на (бұдан былай ЕМГ немесе Компания) қарасты «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Оңтүстік Шығыс Қамысты кен орнында 10 бірлік арнайы техникаға арналған гараж-тұрағының ашылу салтанаты өтті. Салтанатты шараға Компания басшылығы, ардагер мұнайшылар, басқарма ұжымы қатысты.

Гараж-тұрағының ашылу салтанатында сөз алған «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Өнуар ЖАҚСЫБЕКОВ жалпы Компания бойынша қолға алынған іс-шараларға қысқаша тоқтала кетті.

- Компания үшін маңызды саналатын құндылығымыз – жұмысшылардың қауіпсіз ортада алаңсыз жұмыс жасауына жағдай жасау. Біздің күнделікті жұмысымыз осы мақсатпен басталады. Бүгінгі таңда Ембі кен алаңдары заманауи өндіріс және әлеуметтік нысандармен толықтай қамтылуда. Соңғы 5 жылда «Жайықмұнайгаз» өндірістік басқармасының Оңтүстік Шығыс Қамысты кен алаңында 30 орындық жатақхана, Жаңаталап кенішінде 50 орындық асхана, С.Балғымбаев кенішінде 150 орындық асхана пайдалануға берілді.

2018 жылы С.Балғымбаев кен алаңында 3 бірлік арнайы техникаға арналған гараж құрылысы аяқталса, осы алаңда тағы да 24 бірлікке арналған гараж-тұрағы жақында пайдалануға беріледі. Бүгін, міне, олардың қатары Оңтүстік Шығыс Қамысты кен алаңын-

дағы 10 бірлікке арналған гараж-тұрақпен толығып отыр. Мұның барлығы қарапайым еңбек адамының жұмысын жеңілдетуге арналған шарамыз - деді өз сөзінде ЕМГ басшысы.

Өнуар Еркінұлы, сонымен қатар, Ембінің өндірісішілік жолдарының сапасын жақсарту күн тәртібінде тұрған өзекті жәйттің бірі екенін де айта кетіп, осы бағытта «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы бойынша нәтижесін тапқан шараларға тоқталды.

Соңғы 5 жылда С.Балғымбаев - Оңтүстік Батыс Қамысты кенаралық 17,541 шақырымдық өндірісішілік жол, Оңтүстік Батыс Қамысты – Оңтүстік Шығыс Новобогат кенаралық 14,573 шақырымдық жол, Оңтүстік Батыс Қамысты-Оңтүстік Шығыс Қамысты кен аралық 13,9 шақырымдық жол құрылыстары аяқталып іске қосылса, С.Балғымбаев, Оңтүстік Батыс Қамысты мен Жаңаталап кен алаңдарындағы тұтас өндірісішілік жол құрылыстарының сметалық-жобалау жұмыстары қолға алынып отыр.

Салтанатты шараға қатысқан «Жайықмұнайгаздық» ардагерлердің атынан сөз алған ардагер мұнайшы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Құрмет ТӨЛЕУІШОВ бүгінгі өндірісте нәтижесін тапқан тың жаңалықтарға қуанышын жасырмады.

- Кешегі күндердегі біз көрген қиындықтар бүгінде ұмытылған. Біз тұрған

темір вагондардың орнын жайлы да әсем жатақханалар, асханалар алмастырып отыр. Өндіріс те жаңа жабдықтармен, заманауи нысандармен толықтай қамтылған. Басқармадағы кешегі біз еңбек еткен күндердегі ескі көліктің 70 пайыздан астамы жаңартылған. Бүгінде мұнайшылар үшін табысты еңбек етулеріне барлық жағдай бар екенінің куәсі болып отырмыз, - деді сөзінде ардагер мұнайшы.

Қ.Төлеуішовтың сөзін жалғаған ардагер мұнайшы Бақтыгерей ҚҰСПАНҒАЛИЕВ бүгінгі Ембі өндірісінің жаңалықтарына ризашылығын білдірді.

- Мен Ембі өндірісінің дәл осы транспорт саласында ұзақ жылдар еңбек еттім. Ол кезде гараж деген жоқ, қысы-жазы көліктеріміз ашық аспан астында тұрады. Жаздың күндерінде қиындықты сезбесек те, бұл өңірдің қысы қатал, қыста жұмысымыз қиындап кететін. Көлігімізді далаға қоямыз, гараж жоқ, гараждың орнына қаңылтыр орнатылады. Сол қаңылтырды суықтан ық көріп, көлігімізді ықтасынға қоюға тырысатынбыз. Ал, таңертеңгілік суықтан транспортты қыздыру мұң болатын. Ала таңнан тұрып, алыстан су тасып, салқын суды қыздырып, көлігімізге құйып өзер деп от алдырушы едік. Біз еңбек еткен кездерде мұнайшылардың еңбегі шын мәнісінде қиын болды. Біз жастықпен байқамадық па, әйтеуір ешкіммен есептеспей,

уақытпен санаспай ала таңнан қас қарайғанша жүре беруші едік.

«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы арнаулы техника және автокөлік колоннасының бастығы Айхан САҒЫНҒАЛИЕВ жаңа нысанның іске қосылуы барлық көлік жүргізушілердің жұмысын айтарлықтай жеңілдететінін айтады.

- Жалпы басқарма бойынша арнаулы техника және автокөлік колоннасында 156 адам еңбек етсе, оның 8-і инженерлер құрамы, 23-жөндеушілер, ал, 125-і көлік жүргізушілер қатарынан. Олардың көпшілігі – байырғы мамандар. Яғни, кешегі қиындық пен бүгінгі өндіріс жаңалықтарын жақсы түсініп, бағалайтын мамандар. Жақсылықтың бағасын кешегі қиындықтармен саралау арқылы сезінеміз ғой. Бұл орайда көлік жүргізушілер соңғы 5 жылда қолға алынып, өндіріске енгізіліп жатқан жаңалықтарға риза. Жақсылыққа жақсылықпен жауап беру – азаматтық іс, біздің мақсатымыз – табысты еңбек ету. Өндірістің дамуына үлесімізді қосу – ұстанған бағытымыз, - деген А.Сағынғалиев барша жайықмұнайгаздық көлік жүргізушілердің алғыстарын жеткізді.

Жаңа ғимараттың лентасы қиылған соң, Компания басшылығы ардагерлерге гараж-тұрақты аралатып, таныстырды. Ардагерлердің сұрақтарына да толымды жауаптар берілді.

Шара соңы мерекелік дастарханға, концерттік бағдарламаға ұласты. **1**



Ерлік ешқашан ұмытылмайды

Жалғасы. Басы 1-бетте

Бұл жолы ембіліктер «Интертич» мердігер мекемесінің қызметкерлерімен бірігіп, ардагерлердің үйлеріне барып, медициналық тексеруден өткізді, сондай-ақ, қан қысымын тексеретін құралдарды сыйға тартты. Айта кетсек, бүгінгі таңда Компания ардагерлердің еміне және дәрі-дәрмекке жұмсаған қаражаттарын толық өтеп келеді.

Айтулы мереке қарсаңында ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ Атырау қаласындағы қарттар және мүмкіндігі шектеулі жандар үйінде жұба-

йымен бірге мекен ететін ҰОС ардагері Николай Славовты құттықтады. Биыл ардагер 98 жасқа келді. Ол соғысқа 20 жастағы жасөспірім жігіт шағында қызыл әскерлер аэродром салып жатқан Батыс Украина жерінде кірді. Ауыр жарақаттан соң, Н.Славов Астрахань, Сталинград аэродромдарын қорғауға, Вологдадағы Шексне өзенінің айлағын бақылауға, ал, электрик курсын бітірген соң Каспий маңындағы қала Гурьевтегі мұнай өңдеу зауытының құрылысына араласады.

Николай Николаевич ЕМГ өндірістік-құрылымдық бөлімшесі - «Ембімұнайә-

нерго» басқармасынан Құрметті еңбек демалысына шықты.

- Сіздердің ерліктеріңіз бен қаһармандылықтарыңыздың арқасында бүгін біз туған жерімізде өмір сүріп, еңбек етуге, ұрпақ тәрбиелеп, болашаққа бағыт жасауға мүмкіндік алып отырмыз. Компания ұжымы атынан сіздерге Жеңіс үшін шексіз алғыс айтамын. Сіздерге мықты денсаулық, ұзақ өмір тілеймін,- деп Компания басшысы құттықтауын жеткізді.

Н.Славов жұбайы Людмила Петровна екеуі әркез қолдау білдіріп, әлеу-

меттік қамқорлыққа алған ЕМГ басшылығына алғыстарын білдіріп, ҰОС ардагері «ешкім ешқашанда соғыс қасіретін тартпасын» деген тілегін арнады.

Айтулы мереке қарсаңында Компания басшылығы соғыс ардагерлері- Тайыр ГУМАРОВ, Тұраш КӨПТІЛЕУОВ, Құрманбай ДОСЫМБЕТҰЛЫ мен Күлән Сабралиевалардың шаңырағында болып, мейраммен құттықтады. Ардагерлердің әрқайсысына жеміс-жидек пен тәттілер салынған себет пен 200 000 теңге көлемінде ақшалай сыйлық тарту етілді.



Жыл сайынғы дәстүрге сай мұнайшылар соғыс жылдары қаза тапқан жауынгерлерді еске алу мақсатында Компания аумағындағы «Азалы ана» ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Биыл да бұл шараға ардагерлер, тыл еңбеккерлері, жауынгер-интернационалистер және Компания ұжымы қатысты.

- Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақстандық жауынгерлер майдан даласында ерен ерлік пен қайсарлықтың үлгісін көрсете білді. Тыл еңбеккерлерімен қатар, майданды таза, еш өңдеусіз әскери танктер бактарына бірден құйылған «қара алтынмен» үздіксіз қамтамасыз етіп отырған ембілік мұнайшылардың Жеңісті жақындатуға қосқан үлестері зор. Доссор, Мақат, Байшонас, Қаратон

және басқа да кеніштердің мұнайшылары күн сайын тәулігіне 12-13 сағат бойы жұмыс жасап, мемлекет пен майдан алдындағы борыштарын толығымен өтеді. Соғыс жылдары үш кен орны ашылды. Ұлы Отан соғысы шежіресінде қазақстандықтардың ерліктері алтын әріптермен жазылып, сақталары анық, - деді құттықтау сөзінде Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ.

Дәстүр бойынша шараға қатысушылар қаза тапқандарды бір минут үнсіздікпен еске алып, «Азалы ана» ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Салтанатты шара мерекелік дастарханмен жалғасты. Ал, 9 мамыр күні Ембі мұнайшылары Жеңіс саябағында «Мәңгілік алауға» гүл шоқтарын қою жалпықалалық шарасына қатысты. **Е**

Ардагерлер денсаулығына қамқорлық

Ұлы Жеңістің 74 жылдығына орай еліміз бойынша әр мекемеде «Белсенді ардагер» айлығы жүруде. Аталмыш акция аясында «Ембімұнайгаз» АҚ –ның бастамасымен мұнайшыларға медициналық қызмет көрсететін мердігер компания «Inter teach» ЖШС-нің мамандарымен бірігіп, ардагер-мұнайшылардың шаңырақтарында болып, денсаулықтарын тексеріп, хал-жағдайларын білді, кеңестерін берді.

Қоғамның назарын Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен оларға теңестірілген тұлғалардың денсаулығына

аударуға бағытталған аталған акция ағымдағы жылдың 29 сәуірінен басталып, 29 мамырына дейін жалғасады. Бір ай көлемінде ардагерлерге диагностикалық, зертханалық және медициналық-сауықтыру іс-шаралары кешенді түрде жүргізіледі.

Айта кетейік, Компания ардагерлерін өз қамқорлығына алған. Ардагерлер денсаулығы үнемі компания бақылауында. Компания мамандары мен «Inter teach» медицина мекемесінің қызметкерлері қариялардың жай-күйімен жақынырақ танысты. Жүрек қызметін

тексеріп, одан әрі емдеуді қажет ететін ардагерлерге арнаулы күрделі тексеріс жүргізілетінін жеткізді. Акция барысында қан қысымын тексеретін құралдар, тәттілер де сыйға тартылды.

- Елге бейбіт заман орнатуда жастығы мен жалынын аямаған аталарымыз жылдан жылға азайып келеді. Олар құрмет пен мадақтан бөлек, ерекше күтім мен қамқорлыққа да лайық. Шараның мақсаты – ардагерлерімізді құрметтеу, олардың бейбіт өмірде лайықты өмір сүруіне жағдай жасау. Арнайы кесте құрылып, соған сәйкес біздің дәрігерлеріміз ай сайын

ардагерлеріміздің денсаулығын бақылап отырады. Алдағы уақытта да бұл жұмыс жалғастырыла бермек, - деп өз пікірін білдірді «Inter teach» мекемесінің аға медбикесі Аққүміс ИСМАҒАМБЕТОВА.

Акцияға қатысқандардың дені – 95-тен асқан ардагерлер. Олардың айтуынша, денсаулығына қатысты алаңдайтын мәселелері – құлақ-көз көру жүйелерінің нашарлығы, бүйрек, несеп жолдарының аурулары. Өз кезегінде ардагерлер игі шараға демеуші болып, акцияның өтуіне мұрындық болған «Ембімұнайгаз» АҚ-на өз алғыстарын жеткізді. **Е**



Ерлікке тағзым

Жылыойдағы Жеңіс тойы

Жеңіс күні қарсаңында жылыойлық мұнайшылар да тыл ардегерлері мен басқа да зейнеткерлерге арнап Құлсары қаласындағы «Аружан» мейрамханасында мерекелік дастархан жайды.

Шараға басқарманың сексенге жуық ардагері шақырылып, құрметке кенелді. Мерекелік дастарханды «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы Ғибатолла Шанаев құттықтау сөзімен ашты. Өндірістік басқарманың

ардагерлер кеңесінің төрайымы Мұстахима Исаинова ардагерлерге көрсеткен құрметі үшін басшыларға алғысын айтты.

Зейнолла Бозтаев, Жылқыбай Ербусинов және тағы басқа ардагер - зейнеткерлер естеліктерімен бөлісіп, өткенді еске алып, кейінгі буынға ақ баталарын берді.

Мерекелік дастарханға келген ардагерлерге естелік сыйлықтар табысталып, шара соңы мерекелік концертке ұласты. **Е**



Рысбике Садуақасова, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ инженер-химигі: «Тәлімгерлік – абыройлы іс»



Жас маман жаңа жұмысына кіріскенде бейтаныс ортада оны жылыұшырай қарсы алатын адам – тәлімгер. Жас маманның болашақта кәсібін қаншалықты шебер меңгеретіндігі, оның ортаға тез

сіңіп кетуі алдымен осы тәлімгерге байланысты десем қате айтпағандық болар. Ұстаз, тәлімгер – жастардың бағыт берушісі.

Мұнайлы өңір- Жылыой ауданының Ескі Қаратон кентінде туып-өстім. Осында мектеп табалдырығын аттадым. Мектепте жүрген кезімде химия пәнін өте жақсы көрдім. Кейін ойлап отырсам, бұл пәнді сүйіп оқуым алдымен пән ұстазына байланысты екен ғой. Бүгінде оқушылық кездерімді сағына еске алсам, көз алдыма жылыұшырай кететін бейне – Людмила Петровна Хромсова ұстазымның келбеті. Оның сабақ түсіндіруі, сыныптағы әрбір оқушымен қарым-қатынасы, киім киісі, ортада өзін-өзі ұстауы бәрі, бәрі маған соншалықты ұнайтын. Апайға деген сүйіспеншілігім бірте-бірте химия пәніне деген қызығушылығымды арттырды. Мектеп қабырғасындағы

төменгі сыныптардың өзінде -ақ болашақта қандай мамандықты таңдайтыным, кім болатыным анық болды. Мамандығымды химия пәнімен ұштастырдым. Сөйтіп, Қазан химиялық-технологиялық институтының химия-биология факультетіне оқуға түстім. Мамандығымды дұрыс таңдауға жол ашқан ұстазым Людмила Петровнаны күні бүгінге дейін ризашылықпен еске алып отырамын. Сүйікті апайым бүгінде Ресей еліне қоныс аударып кетсе де, байланысым үзілген емес.

Менің өмірімде үлкен орны бар екінші адам – өндірістегі тәлімгерім. 1990 жылы жоғары оқу орнын бітірісімен елге оралып, Орталық ғылыми зерттеу зертханасына жұмысқа тұрдым. Аға инженер Ақмұнара Исмұханова мені бірден өзіне баулып, мамандықтың қыр-сырын үйретуден жалыққан емес. Күнделікті жұмыс басталысымен мені

қасына алып, жанынан тастамай әр қимыл, қадамын асықпай түсіндіретін. Мамандықты жақсы көрген адам ғана кәсіби маман болып, биіктерді бағындары алатынын Ақмұнара тәлімгерімнен ұғындым. Осы салада ұзақ жылдар еңбек еткен Ақмұнара Исмұханованың зейнеткерлік демалысқа кеткеніне де көп уақыт болған жоқ. Кетерінде менің еңбегіме жоғары бағасын беріп, маған жоғары баға беріп, өзінің орнына ұсыныс етті. Маман ретінде белгілі бір биіктерді бағындырсам, тәлімгерімнің үлесі деп айтамын.

Бүгінде зартханаға жас мамандар көптеп келуде. Кеше өзім үйренсем, бүгінде мен де тәлімгермін. Қол астымда оннан астам лаборант қыздарым бар. Әр қайсысымен жеке-жеке байланыс орнатып, олар жете меңгере қоймаған жәйттарды мұқият түсіндіруге тырысамын. Себебі, мен де осы жолдан өттім. Мені де алғаш өндіріске баулыған тәлімгерлерім. Тәлімгерлік – түсіне білген адамға өнегелі іс. Адамның болашақ өміріне ықпал ету- жауапкершілігі мол, абыройлы іс. **Е**

Сая Атырауова, «Доссормұнайгаз» МГӨБ Қарсақ кен алаңы зертханасының меңгерушісі: «Мұнайшылық – мәртебелі мамандық»



Өркімнің туып-өскен мекені өзіне ыстық. Менің балалық шағым мұнайлы өңір Байшонаста өтті. Осы өңірде мектеп табалдырығын аттадым. Мектеп оқушыларының көпшілігі мұнайшылардың балалары болатын. Сондықтан да болса керек, біз ең мәртебелі мамандықты мұнайшылық кәсіп деп есептедік. Оқушы кезімізде «кім боламын?» деген тақырыпқа көпшілігіміз бір саланы алып, жарыса шығарма жазатынбыз. Мұнайшылық бізге бала кезден жақын болды. Себебі, әрқайсымыздың үйімізден кем дегенде 2-3 адам осы салада еңбек ететін. Мен де – мұнайшылар әулетінің ұрпағымын. Әкем Доссор өңіріндегі мұнай кен алаңдарында ұзақ жылдар еңбек етіп, зейнеткерлік демалысқа қалды. Мен де әке жолын қуып мектеп бітірген соң өмір жолымды Қарсақ кен алаңында қатардағы зерттеу операторлығынан бастадым. Күнделікті жұмыста әкемнен естігенімді үнемі есіме алып, мамандығымды жан-жақты меңгеруге тырыстым.

Жоғары білім алу – мамандықты терең меңгеруге жасалған қадам, осы мақсатпен политехникалық институттың химия-биология факультетіне оқуға түсіп, сәтті бітірдім. Менен кейін отбасымыздағы екі інім, сіңілім де мұнай-газ саласын таңдап, бәріміз әкеміздің ісін жалғадық. Бүгінде бір шаңырақ астында өскен бесеуіміз бір-бір шаңырақты ұстап

отырмыз. Мен қарашаңырақтың иесі болып, әке-шеше қолында қалдым. Мереке, туған күн сияқты шараларда бәріміз жиналып, әке-шешемізді ортаға алып, емен-жарқын әңгіме құрамыз. Ең бақытты сәттеріміздің бірі. Сондай кездерде айтар әңгімеміздің төркіні біреу-ақ. Ембі өндірісінің бүгінгі жәйі. Әкеміздің бұл орайда қызыға тыңдағанын көрсеніздер. Түсінікті де, олар еңбек еткенде жұмыста бәрі басқаша болды ғой, қазіргідей құрал-жабдықтар жоқтың қасы. Негізінен қол еңбегімен атқарылатын. Ал, бүгінде Ембі жаңалық пен өзгерістің ортасы деуге болады. Алысқа бармай, өзімнің еңбек ететін ортам-зертхананың жұмысын алайықшы. 2003 жылға дейін өндірістегі зертханаларда тек мұнайдың суын, тұзын, тығыздығын анықтап қана келсек, бүгінде жұмыс ауқымы өскен. Майдың қысымын анықтайтын, өнім құрамындағы күкіртті алатын, оның тұтқырлығын анықтайтын жаңа жабдықтар енгізіліп жатыр. Өзгеріс, жаңалықтың күнделікті жұмысқа батыл енуінен біздің жауапкершілігіміз еселене түсті. Заман ағымынан қалмауымыз керек, демек, үнемі ізденісте болу – өмірдің талабы. Бұл орайда, Компания мамандарды қайта даярлауға үлкен мән беріп отыр. Арнайы курстарға, тренингтерге жиі қатысамыз. Әр курстан аларымыз да әр түрлі. **Е**

Мен – ембілікпін

(«Біздің мақсатымыз – жазатайым оқиғаны болдырмау» номинациясының жеңімпазы)

Қауіпсіздік – басты байлық

Келгенде әріптестер вахтамызға,
Абайлап жүрейікші сақтануға.
Алтыннан да қымбат еді біздер үшін,
Жүздесіп көрер мына шақтар ғана.

Сақтап жүр қауіпсіздікті,
Өзгеге ол да бір үлгі.
Өзіңді күткен үйінде,
Ойлап жүр ұл мен қызыңды.

Таңменен бастап еңбекті,
Бәрі де мұнда тер төкті.
Денсаулық басты байлығың,
Шарласаң жер менен көкті.

Ойлап жүр әке – анаңды,
Жарынды күткен жолыңды.
Арайлап атқан әр таңың,
Өмірде өтер қас-қағым.

Жасалу керек білем біздің
жұмысымыз,
Жасаймыз оны біздер ұғынып шын.
Асыққан сәтте біздің алдыменен,
Назарда болу керек ғұмырымыз.

Қауіптен төнген абай бол
Өзіңе және басқаңың.
Дегенмен бәрі қолыңда,
Жаратқан бізді Алланың.
Бітпесін күндеріміз мұнайымыз,
Тола берсін ортамыз байлығымыз.
Өсейік, өркендейік, бар болайық,
Әр атқан таңымызға қуанайық.

«ҚазМұнайГаз» шығарды
«Алтын ережені»,
Біз үшін мол еді ғой берер жері.
Оқиық, ұғынайық, сақтанайық,
Сонда ғана көрінеді ер еңбегі.

«Ембімұнайгаз», сен едің мақтанышым,
Арта берсін жадырасын жігер күшің.
«Ембілікпін» деп айтуға тұрарлықтай,
Ажарлансын, нұрлансын бар келбетің.

Сақтайық осы «Алтын ережені»,
Қауіпсіздік біздер үшін керек еді.
Әр адам сақтаса
егер осы ережені,
Еңбегі әрқашанда еленеді.

Тоқтар НЫҒМЕТОВ, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ мұнай дайындау және айдау цехінің 4-ші дәрежелі жөндеушісі.



Татьяна Гейт, неміс қызы: «Қазақтың дархан көңілі ата-анамды жылы қабылдады»

Жыл сайын мамыр айының 31-і күні елімізде Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу шарасы өтеді. Бұл күні аға буын жастарға кешегі күндерде ел ішінде орын алған солақай саясат туралы кеңінен баяндап, қуғын-сүргін құрбандары жөнінде жан-жақты баяндайды. Мақсат саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алудың маңыздылығын түсіндіріп, кешегі тарихты есте сақтау, өткенге тағзым ету.

Тарихи деректерге зер салсақ, қуғын-сүргін дүрбелеңі орын алған 1936-1957 жылдарда Қазақстанға 800 мың неміс, 102 мың поляк, 19 мың көріс, 507 мың Солтүстік Кавказ халықтарының өкілдері жер аударылған. Қырым татарлары, түріктер, гректер, қалмақтар мен басқа да ұлт өкілдері өз еріктерімен келген жоқ. Барлығы да – солақай саясаттың құрбандары. Нақты сандарға жүгінсек, сол кездерде елімізге 1 миллионнан астам адам көшіп келген деген дерек бар.

Сол бір кездерде жер ауып келгендердің ұрпақтары бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде өмір сүріп жатыр. Мұнайлы өңір Мақат ауданының Доссор кентінде туып-өскен неміс ұлтының қызы Татьяна Гейттің әке-шешесі соғыс басталған жылдарда Қазақстанға жер аударылғандардың қатарынан. Әкесі Валентин мен анасы Фрида екеуі де ұлттары неміс болғанымен Ресейдің Ростов жерінің тумалары. Соғыс басталған алғашқы жылдың өзінде-ақ неміс ұлтынан, Кеңестер Одағының жауы деген жаламен екеуін де отбасымен жер аударып жібереді. Валентин Эдуардович соғыс

басталған 1941 жылы 16 жастағы жас өспірім жігіт еді. Ата-анасы оккупация кезінде қайтыс болып, қарындасы екеуі қазақ жеріне аман-есен жетеді. Валентин Қазақстанның батыс өңіріне – Атырауға (сол кездегі Гурьев), соның ішінде Құлсарыға, одан кейін Доссор жеріне аяқ басады. Ал, анасы Фрида алдымен Оңтүстік Қазақстан облысының Пахтарал ауданына қоныс тебеді. Халық жауы деген айыппен келген бұларды жергілікті қарапайым халық дұрыс қабылдаса да, билік өкілдері қырын қарады. Небір ауыр жұмыстар алдымен осыларға берілді, тамақтың құнарсызы, киімнің ескі-құсқысы берілетін. Күніне 12 сағаттан бел жазбастан еңбек етті. Қысы-жазы ыс тартып тұратын жертелелерде тұрды.

Анасы Фрида Дмитриевна Қазақстанға келгенде 17 жастағы бойжеткен еді. Валентин мен Фрида 1950-жылдардың бас кезінде Доссор жерінде кездеседі. Тағдырлары ортақ, оның үстіне Ростов жерінен келгендіктері бар, екі жас бірден тіл табысады. Кейіннен шаңырақ көтеріп, отбасында 3 бала дүниеге келеді. Үш баланың ортаншысы Татьяна – жалғыз қыз еді. Ағасы Николай мен інісі Анатолий үшеуі доссорлық балалармен бірге өсті, бірге мектепке барды.

Әкем сонау бір сұрапыл жылдарды еске алғанды ұнатпайтын, анама да айтуға рұхсат бермейтін. Содан болса керек, біз олардың тағдырлары туралы өздерінен емес өзгелерден көбірек естідік. Сол бір ауыртпалығы мол кезеңдерді еске алғанда әкеміздің көзі мұңға толатын. Алайда, ешқашан жергілікті

халық туралы нашар пікір айтпаған. Қазақ халқы мейірімді ғой деп жиі айтушы еді. Біз де өзімізді сыртан келгендердің қатарынан сезінбейтінбіз. Қазақ халқының бауырмалдығы, кең пейіл дархан көңілі кімді болса да өздеріне баурап алады емес пе, – деп еске алады Татьяна балалық шағын.

Қазақ жерінде Татьяна болашақ жарын кездестіреді. Украиндық жігіт Иванмен шаңырақ көтеріп, ұлы Федор дүниеге келеді.

Ағасы Николай мен інісі Анатолийдің балалары Германия, Украина елдерінде тұрып жатса, Татьяна мен Иван жалғыз ұлдары Федорды қазақтың қызы Гүлмирамен қосты, бүгінде олар қазақтармен құдандалы болған. Федор мен Гүлмираның шаңырағында 3 бала өмірге келді. Андрей, Алина, Тимур – ата-әжесінің қуаныштары. Татьяна мен Иван қазақ халқының барлық салт-дәстүрлерін жетік меңгерген. Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамына ерекше дайындалады. Ұлттық тағамдарын дайындап, наурыз көжесін пісіріп, құдаларын төріне шақыру – Татьянаның асыға күтетін сәттерінің бірі.

Бүгінде Татьяна Гейт зейнеткерлік демалыста. Сонау бір нәубат кезеңдерді еске алып, әке-шеше рухына құран бағыштап, ұрпағына ата-әжесі туралы айтудан әсте жалыққан емес. Сол сәттерде Ростов жерінен жер ауып келген ата-анасының өздеріне жала жабылған қасіреттен тек қазақ жеріне келіп аман қалғанын, ұрпақ жалғастырғанын ризашылықпен айтады. **Е**



Остался верным себе

6 мая руководитель Эмбы посетил Дом престарелых и людей с ограниченными возможностями в г. Атырау, в котором живет с супругой ветеран Великой Отечественной войны, бывший работник «Эмбаунайэнерго» Николай Николаевич Славов (см. 4-5 «Ембі тынысы»). О военном периоде жизни ветерана и десятилетиях самоотверженного труда писали не раз, но немногим известно, что уже в послевоенные годы из-за своих политических убеждений он провел несколько лет в лагере и потерял жену и ребенка.

После окончания Великой Отечественной войны, грянул XX съезд партии, на котором был разоблачен культ личности Сталина и в Советском Союзе наступила «хрущёвская оттепель». Молодой и горячий Николай Славов был одним из тех, кто открыто выражал свои мысли и в 1956 году в кругу коллег выступил против вторжения советских войск в Венгрию. Вскоре его арестовали, а после полугодового пребывания в местной тюрьме приговорили к 10 годам лишения свободы и еще к 5 годам так называемых «поражений в правах». Николая Николаевича отправили в Сибирь, в лагерь в Иркутской области. Будучи уверенным в своей правоте, он дважды писал генеральному прокурору СССР с просьбой пересмотреть дело. После повторного рассмотрения срок заключения сократили до трёх лет, и так как к этому времени он его уже отбыл, Николаю Николаевичу должны были вручить справку об освобождении.

Однако сразу уехать ему не удалось.

Находясь в заключении, он спроектировал подстанцию для электроснабжения и руководство лагеря, которому были нужны специалисты такого уровня, не захотело его отпустить. Вместо справки Славову выдали документ на право проживания. И только после повторного обращения в Москву Николаю Николаевичу удалось покинуть Сибирь.

Но годы заключения за политические взгляды полностью сломали Славову семейную жизнь. Ещё во время следствия чекисты взяли за его первую жену – члена КПСС, заведующую лабораторией изотопов в Институте нефти. Её не раз вызывали в УКГБ, требуя официально отказаться от мужа – «врага народа». После очередного допроса женщина пришла на работу и выпила химикаты...

Её удалось спасти, но ещё не родившегося ребёнка супруги Славовы потеряли.

Ко дню полного освобождения Николая из Сибири его первая жена из-за непрекращающейся травли уехала в Москву. А бывшему заключённому, пригрозив серьёзными проблемами, последовать за ней категорически запретили. И он вынужден был вернуться в Гурьев. Так разрушилась семейная жизнь Николая.

Потом уже, живя и работая в Гурьеве, он встретил свою нынешнюю спутницу жизни Людмилу, с которой вот уже скоро полвека живет вместе. Сегодня Николай Славов – почетный и уважаемый человек в области. И, несмотря на невзгоды, которые уготовила ему судьба, он остался верен себе, не теряет бодрости духа, оптимизма и радости жизни. **Е**

Іріктеу турнирі өтті

«ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ-ның еншілес компания және тәуелді ұйымдар арасында өтетін Мұнай-газ кешенінің қызметкерлері күніне арналған спартакиадасына «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты басқармалар арасында іріктеу кезеңі өтті.

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-не қарасты «Каспий самалы» вахталық қалашығында спорттың баскетбол, волейбол, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, шахмат, армрестлинг түрлерінен өтті. Ал, жүзу мен футзалдан жарыс облыс орталығында ұйымдастырылды. Жыл сайын өткізілетін спорттық шараға қатысу мұнай саласының қызметкерлері үшін дәстүрге айналған. Салауатты өмір салтын ұстанған қызметкерлердің арасында республикалық деңгейде жетістікке жеткен бұрынғы кәсіби спортшылар да бар. Олар жұмыс істеуге де, спортпен

шұғылдануға да уақыт табады. Спартакиаданың ережесі бойынша олар спорттың бірнеше түрі бойынша сайысқа түседі. Спартакиада екі кезеңнен тұрады. Алғашқы іріктеу кезеңіне 8 топ болып бөлініп отыр. Оның 1-ші тобы 5-6 компанияның спортшылары Атырауға келіп финалға жолдама алуға бақтарын сынап көрмек. Осылайша мұнайшылар бір сәтке денелерін шынықтырып әр команда өз мүмкіндіктерін байқайтын болады. Бұл бір жағынан салауатты өмір салтын қалыптастыруға және мұнайшылардың өзара ауызбіршіліктерін нығайтуға өз септігін тигізеді. Оның үстіне спартакиадаға үлкен көңіл бөлініп және жеңімпаз командалар үшін қомақты сыйлықтар дайындалған. Ақтық мәре биыл Шымкент қаласында шілде айында өтеді деп жоспарланып отыр. Ембілік спортшыларға сәттілік тілейміз!!! **Е**



Кайнарлық футболшылар – Екінші лигада

Футзалдан Атырау облысының Екінші лига додосында ойнаған «Қайнармұнайгаз» МГӨБ құрамасы 3 орынды иеленіп, Бірінші лигаға жолдама алды. Ағымдағы жылдың қаңтар-ақпан айы аралығында өткен жарыста 11 команда бақ сынасып, 10 ойын өткізді. Қайнарлық мұнайшылар 21 ұпай еншіледі. Өріптестердің айтуынша, алдағы

мақсат- Жоғарғы лигаға шығу. Жарыстың қорытындысымен команда медаль, диплом, кубокпен марапатталды. Жуырда басқарма бастығы Мәлік Жүнісов команда ойыншыларын қабылдап, құттықтады. Аталған басқарманың ұңғымаларды жерасты жөндеу операторы Әли Бексейітов турнирдің "Үздік қорғаушысы" атанды **Е**



Теңбіл доп додасы

Орталық дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің залында «Ембімұнайгаз» АҚ кеңсесінің басқару Аппараты ұжымының қызметкерлері арасында футболдан жолдастық турнир өтті.

Тартысты бәсекеде жүлделі III орынды «3 қабат» командасы жеңіп алды. Қола жүлде үшін «1-8 қабат» командасымен өткен ойын 1:0 есебімен аяқталды. Кездесудегі жалғыз голдың авторы Қуандық Мергенов болды.

Ал, финалда «2 қабат» және «4 қабат» командалары кездесіп, 1:3 есебімен «4 қабат» командасы жеңіске жетті. Команда сапында Н.Ишанов алғашқы голды салса, Асқар Нұрбауов дубль орнатты. Ал, қарсылас команда құрамында Серік Шығанов ерекшеленді.

Түрлі номинациялар бойынша үздік ойыншылар анықталып, жүлдегер командалар қаржылай сыйлықтармен марапатталды. **Е**



Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш.Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі

мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmger.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmger.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmger.kz

А.Хаменова – 8 (7122) 99-34-80; 21-253

A.Khamenova@emg.kmger.kz

Редакциялық кеңес:

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ - «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы;

Айболат ГАБДУЛЛИН - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Қайрат ӘДІЛБЕКОВ - Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары;

Сәлімжан НАҚПАЕВ - Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

Бауыржан БАЛЖАНОВ - Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары;

Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры; Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Баспахана: «Print House Gerona» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3, Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.
«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі